



161100 Ленгiр қаласы,
Төлеби көшесі, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Төлеби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

№ 63- н/к

ПРИКАЗ

2024 жылғы 02 қыркүйек

« Мектепте 2024 - 2025 оқу жылының басталуы туралы »

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес, Түркістан облысының білім басқармасының 2024 жылғы 09 тамыздағы №25/4540 әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

7 - 11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 - сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 - сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі (ағылшын, информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша

емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 - сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын, информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Педагогтерге жұмыс уақыттарын ұйымдастыруда»Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйырығын басшылыққа алу ұсынылады.

Мектеп – интернат директоры:



Л.Нурымбетова



161100 Ленгiр қаласы,
Төлеби көшесі, ғимарат 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

161100 город Ленгер,
улица Толеби, здание 279А
e-mail: tol.daryn64@mail.ru

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 37- н/қ

2025 жылғы 04 мамыр

« Мектепте 2024 - 2025 оқу жылының аяқталуы туралы »

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 2
мамырдағы №3-05-4/3121-И хатына, Түркістан облысының білім басқармасының
2025 жылғы 03 мамырдағы №25/2977 хатын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатында
2024 - 2025 оқу жылының аяқталуы 2025 жылғы 23 мамырда.
2. Оқу жылын «Білімім – Отаныма!» атты республикалық
сынып сағатымен аяқтайды.
3. Сынып сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие
бағдарламасының құндылықтарына басымдық берілсін. Осы ретте,
Министрлік тарапынан барлық білім алушылар арасында эссе байқауын
өткізу туралы ұсынымдар әзірледі. Білім алушыларға «Таза Қазақстан»,
«Заң және тәртіп», «Адал азамат» тақырыптық бағыттары бойынша эссе
жазу ұсынылсын. Үздік жұмыстар сынып сағатында оқылып, авторлары
марапатталсын.
4. Сынып сағаттарының сценарийлерін педагогтер әр
сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлеп, бекітуге
20 мамырға дейін ұсынсын. Сынып сағатында демалыста оқуға ұсынылатын
кітаптар тізімін, сондай-ақ қарауға болатын фильмдер тізімін ұсынып,
қауіпсіздік шаралары, алдын ала жоспарланып ұйымдастырылған
демалыстың артықшылықтары, қосымша білім беру ұйымдарына
қатысудың тиімділігі, еңбек етудің пайдасы, ата-анаға, ата- әжелеріне
көмектесудің қажеттілігі айтылсын.
5. 9-сынып бітірушілер үшін қорытынды мектеп бітіру
емтихандары 29 мамыр - 10 маусым аралығында өтеді, ал 11-сынып
бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар 30 мамыр – 16 маусым
аралығында болады.
6. Негізгі және жалпы орта білім беру туралы аттестатты
тапсыру салтанаты мектеп қабырғасында 18 маусымда өткізілсін.
7. Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық
құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:
 - ата-аналардан қаражат жинауға;
 - аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға;
 - көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға;

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын.

8. Оқу жылының аяқталуы туралы ақпарат Басқармаға ағымдағы жылғы **30 мамырына дейін** жолдансын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігі мектеп – интернат директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Далмырзаевқа жүктелсін.

Мектеп – интернат директоры:

Бұйрықпен таныстым:



Л.Нурымбетова

С.Далмырзаев